



Әдістемелік кеңестер (ӘК)

2025-2026 оқу жылы

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Тәрбиенің бастауы-әділдікпен парасаттылық» 2. «Қарқынды заманда шыдамды тәрбиеші: мектепке дейінгі ұйымдағы шындықпен шешімдер» Sabaksteamhot платформасы арқылы 3. «Адал азамат» бағдарламасының жүзеге асырылуы(«Әжелер» мектебі,«Аналар» мектебі) 4. «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңке.	Подкаст	Қыркүйек	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Тәрбиешілер Музыка жетекшісі
2	Тақырыбы: <i>«Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды жүйелі қолдану»</i> Мақсаты: педагогикалық ұжымның жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтап, оларды түзету жолдарын цифрлық құралдар арқылы белгілеу. 1.Интерактивті тақталармен мобильді қосымшаларды Бөбекжайда қолдану тәжірибесі. 2.«Flippity» платформасы	Семинар Шеберлік сынып Талқылау	Қараша	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Тәрбиешілер

	арқылы педагогтер арасында топтық ойын ұйымдастыру. 3.Цифрлық құралдардың мектепке дейінгі балалар психологиясына әсері 4.Әртүрлі мәселелер.			
3	Тақырыбы: <i>«Педагогикалық жәрмеңке»</i> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Педагогтердың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп(Prezi,Canva қосымшалары арқылы) 3. «Мектепке дейінгі ұйым және әлеуметтік серіктестер: байланыс пен бірлік» (Мектеппен)	Жәрмеңке Панельдік пікірталас	Сәуір	Әдіскер Г.К.Мухамбеткалиева Ересек және мектепалды топ тәрбиешілері Әлеуметтік серіктестер өкілдері

№1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: «Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасы

Төрайымы: әдіскер Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы: Имангалиева К.Н

Қатысқандар: бөбекжай педагогтері, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, психолог, педагог-мамандар.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Тәрбиенің бастауы – әділдік пен парасаттылық».
2. «Қарқынды заманда шыдамды тәрбиеші: мектепке дейінгі ұйымдағы шындық пен шешімдер» тақырыбындағы Sabaksteamhot платформасы арқылы өткізілген подкаст.
3. «Адал азамат» бағдарламасының жүзеге асырылуы («Әжелер мектебі», «Аналар мектебі»).
4. «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған жәрмеңке.

I.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** сөз сөйледі.

Әдіскер өз баяндамасында мектепке дейінгі тәрбиенің басты мақсаты – баланың бойына адамгершілік, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, сыйластық сияқты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру екенін атап өтті.

Баяндама барысында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттарына тоқталды. Әділдік пен парасаттылық ұғымдарын күнделікті оқу қызметінде, ойын барысында және еркін іс-әрекет кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастыру жолдары түсіндірілді.

Сонымен қатар, балаларды үлкенді құрметтеуге, достыққа, қамқорлық жасауға, шыншылдыққа тәрбиелеудің тиімді әдістері көрсетілді. Тәрбиешілерге көркем әдебиет шығармаларын, ертегілерді, мақал-мәтелдерді, ұлттық ойындарды және жағдаяттық тапсырмаларды кеңінен пайдалану ұсынылды.

Балалардың бойында әділдік қасиетін қалыптастыруда педагог пен ата-ананың бірлескен жұмысының маңыздылығы ерекше айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші А.Ж.Муратова сөз алып, топтағы балалармен өткізілетін «Жақсылық жаса», «Досынды қолда», «Шындықты айт» тақырыптарындағы тәрбиелік әңгімелердің балалардың мінез-құлқына оң әсер етіп отырғанын айтты.

Музыка жетекшісі Мухтарова Н.С. адамгершілікке тәрбиелеуде патриоттық әндердің, ұлттық музыкалық шығармалардың және сахналық қойылымдардың тәрбиелік маңызы жоғары екенін атап өтті. Педагог-психолог К.Н.Иманғалиева балалар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастырудың әділдік пен сыйластық құндылықтарын дамытудағы рөліне тоқталды.

II. Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** «Қарқынды заманда шыдамды тәрбиеші: мектепке дейінгі ұйымдағы шындық пен шешімдер» тақырыбындағы Sabaksteamhot платформасы арқылы ұйымдастырылған подкасттың негізгі мазмұнымен таныстырды.

Подкаст барысында қазіргі қоғамдағы тәрбиешінің кәсіби жауапкершілігі, эмоционалдық тұрақтылығы және ата-анамен тиімді қарым-қатынас орнатудың жолдары кеңінен қарастырылғаны айтылды.

Әдіскер педагогтердің кәсіби күйіп кетуінің алдын алу, уақытты тиімді жоспарлау, цифрлық ресурстарды дұрыс пайдалану және қиын педагогикалық жағдайларды конструктивті шешу тәсілдеріне тоқталды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Г.Н.Губайдоллина подкаст барысында ұсынылған тәжірибелердің күнделікті жұмысқа тиімді екенін айтып, ата-аналармен кері байланысты нығайту қажеттігін жеткізді.

Тәрбиеші Жанболатқызы Нұрайна педагогтің эмоционалдық мәдениетін дамыту бойынша тұрақты тренингтердің өткізілуін ұсынды.

III. Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** «Адал азамат» бағдарламасының орындалуы туралы баяндама жасады.

Бағдарлама аясында «Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебі» жұмыстарының мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасы тәрбиесін нығайту және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру екені айтылды.

Жыл бойына ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттайтын кездесулер, шеберлік сағаттары, отбасылық мерекелер және тәрбиелік кештер өткізу жоспарланғаны таныстырылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Губайдоллина Г.Н. ата-аналардың іс-шараларға белсенді қатысуы балалардың тәрбиесіне оң ықпал ететінін айтты.

Музыка жетекшісі ұлттық мерекелерде әжелер мен аналардың өнер көрсетуі балалардың қызығушылығын арттыратынын атап өтті.

IV.Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша музыка жетекшісі мен тәрбиешілер «Мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылатын жәрмеңкенің жоспарын таныстырды.

Жәрмеңкенің мақсаты – балаларды түрлі мамандықтармен таныстыру, олардың еңбекке деген қызығушылығын қалыптастыру және ерте кәсіптік бағдар беру екендігі айтылды.

Іс-шара барысында әр топ белгілі бір мамандықты таныстырып, көрме, сахналық қойылымдар, ойындар және тәжірибелік жұмыстар ұйымдастыратыны баяндалды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер балалардың қызығушылығын арттыру үшін ата-аналарды да жәрмеңкеге қатыстыруды ұсынды.

Музыка жетекшісі іс-шараны концерттік бағдарламамен толықтыру жөнінде ұсыныс енгізді.

Қаулы:

1. Барлық жас топтарында «Әділдік пен парасаттылық» бағыты бойынша тәрбиелік іс-шаралар жүйелі ұйымдастырылсын.
- 2.Родкаст материалдары барлық педагогтер арасында таратылсын.
- 3«Әжелер мектебі» мен «Аналар мектебі» жұмысы бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.
- 4 «Мамандықтар жылы» жәрмеңкесі бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.

Кеңес төрайымы:



Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева

№2 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: «Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасы

Төрайымы: әдіскер Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы: К.Н.Имангалиева

Қатысқандар:

Бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, барлық топ тәрбиешілері, музыка жетекшісі, педагог-психолог, қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру нұсқаушысы және педагог-мамандар.

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды жүйелі қолдану» тақырыбындағы баяндама.
2. Интерактивті тақталар мен мобильді қосымшаларды бөбекжайда қолдану тәжірибесі.
3. «Flirpity» платформасы арқылы педагогтер арасында топтық ойын ұйымдастыру.
4. Цифрлық құралдардың мектепке дейінгі балалар психологиясына әсері.
5. Әртүрлі мәселелер.

I.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** «Бөбекжайдағы оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды жүйелі қолдану» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың алатын орнына жан-жақты тоқталды. Ол мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалану балалардың танымдық белсенділігін арттыруға, оқу қызметінің сапасын жақсартуға және педагогтің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Сонымен қатар, оқу қызметін жоспарлау кезінде заманауи цифрлық ресурстарды дұрыс таңдау, олардың балалардың жас ерекшелігіне сәйкестігін ескеру және санитарлық талаптарды сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

Әдіскер оқу қызметтерінде интерактивті ойындар, бейнематериалдар, анимациялар және электронды дидактикалық құралдарды пайдалану арқылы балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттырудың тиімді жолдарын мысалдар арқылы көрсетті.

Сондай-ақ педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттыру, жаңа платформаларды меңгеру және тәжірибе алмасу жұмыстарының маңыздылығы айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Муратова А. минтерактивті тапсырмалар арқылы балалардың жаңа материалды тез қабылдайтынын, әсіресе логикалық ойындар мен электрондық пазлдардың тиімділігі жоғары екенін атап өтті.

Музыка жетекшісі Мухтарова Н.С музыкалық ұйымдастырылған іс-әрекетінде бейне және дыбыстық материалдарды пайдалану балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға оң әсер ететінін айтты.

Педагог-психолог К.Н.Иманғалиева цифрлық құралдарды қолдануда уақыт мөлшерін сақтау және балалардың көру қабілетін қорғау мәселесіне ерекше назар аудару қажеттігін жеткізді.

II.Тыңдалды:

Бұл мәселе бойынша тәрбиеші Н.Жанболатқызы «Интерактивті тақталар мен мобильді қосымшаларды бөбекжайда қолдану тәжірибесі» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді.

Шеберлік сыныбында интерактивті тақта мүмкіндіктері тәжірибе жүзінде көрсетілді. Педагог оқу қызметінде қолданылатын LearningApps, Wordwall, Quizizz, Canva, PowerPoint және басқа да бағдарламалардың мүмкіндіктерімен таныстырды.

Балалардың түстерді ажырату, пішіндерді сәйкестендіру, дыбыстарды тану, санау, логикалық ойлау және тіл дамыту бағытындағы тапсырмаларды орындауда интерактивті құралдардың тиімділігі көрсетілді.

Сонымен қатар мобильді қосымшаларды ата-аналармен кері байланыс орнатуда пайдалану жолдары түсіндірілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Муратова А интерактивті тақтамен жұмыс кезінде балалардың белсенділігі артатынын айтып, әріптестерімен өз тәжірибесімен бөлісті.

Қазақ тілі мұғалімі Н.Н.Далабева электронды көрнекіліктердің сөздік қорды дамытуға тигізетін әсеріне тоқталды.

Әдіскер педагогтерге интерактивті технологияларды жүйелі қолдану жөнінде әдістемелік ұсыныстар берді.

III. Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша әдіскер **Г.К. Мухамбеткалиева** педагогтер арасында «Flippity» платформасы арқылы топтық ойын ұйымдастырды.

Шеберлік сыныбы барысында педагогтер бірнеше топқа бөлініп, платформаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып түрлі интеллектуалдық тапсырмаларды орындады.

Қатысушылар сұрақтарға жауап беріп, сөзжұмбақтар шешті, сәйкестендіру тапсырмаларын орындады және білімдерін бекітуге арналған ойындарға қатысты.

Практикалық жұмыс барысында Flippity платформасының оқу қызметін қызықты әрі тиімді ұйымдастырудағы мүмкіндіктері кеңінен көрсетілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Н.Жанболатқызы платформаның қарапайым әрі қолжетімді екенін айтып, оны балалармен өткізілетін оқу қызметінде қолдануға ұсыныс білдірді.

Музыка жетекшісі Мухтарова Н.С музыкалық викториналар дайындауда платформаның тиімді екенін айтты.

Педагогтер өзара пікір алмасып, жаңа цифрлық платформаларды меңгерудің кәсіби дамуға ықпал ететінін атап өтті.

IV.Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша педагог-психолог Иманғалиева К.Н «Цифрлық құралдардың мектепке дейінгі балалар психологиясына әсері» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамашы цифрлық технологиялардың дұрыс қолданылған жағдайда баланың есте сақтау қабілетін, ойлауын, қабылдауын және танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал ететінін атап өтті.

Сонымен бірге экран алдында ұзақ отырудың бала денсаулығына және эмоционалдық жағдайына кері әсер етуі мүмкін екендігі түсіндірілді.

Педагог-психолог ата-аналар мен педагогтерге цифрлық құрылғыларды пайдалану уақытын реттеу, сергіту жаттығуларын ұйымдастыру және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру жөнінде ұсыныстар берді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиешілер цифрлық технологияларды дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіре қолданудың тиімді екендігін айтты.

Әдіскер педагогтердің оқу қызметінде қауіпсіздік талаптарын сақтауы қажеттігін ескертті.

V.Тыңдалды:

«Әртүрлі мәселелер» бөлімінде әдіскер Г.К. Мухамбеткалиева бөбекжайдағы әдістемелік жұмыстардың орындалу барысына тоқталды.

Педагогтердің қысқа мерзімді жоспарларын жүргізуі, оқу қызметтерінің сапасы, тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастырылуы және құжаттардың талапқа сай рәсімделуі туралы ақпарат берілді.

Алдағы Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру, ашық оқу қызметтерінің кестесін бекіту және жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мәселелері талқыланды.

Сөз сөйледі:

Педагогтер алдағы іс-шараларға дайындық барысы туралы пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын енгізді.

Музыка жетекшісі мерекелік бағдарламаның жоспарын таныстырды.

Әдіскер педагогтердің ұсыныстарын назарға алып, барлық жұмыстардың белгіленген мерзімде орындалуы қажеттігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Бөбекжайдың барлық топтарында оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті технологияларды жүйелі әрі тиімді қолдану қамтамасыз етілсін.
2. Педагогтер интерактивті тақталармен, мобильді қосымшалармен және заманауи цифрлық платформалармен жұмыс жасау тәжірибесін тұрақты түрде жетілдіріп, өзара тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Flippity, Canva, LearningApps және басқа да цифрлық платформаларды оқу қызметінде қолдану тәжірибесі кеңейтіліп, әр педагог өзінің авторлық электрондық тапсырмалар қорын жасақтасын.
4. Балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, цифрлық құрылғыларды пайдалану барысында санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталсын.
5. Әдістемелік құжаттардың уақытылы әрі талапқа сай жүргізілуі тұрақты бақылауда болып, қараша–желтоқсан айларына жоспарланған іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес өткізілсін.

Кенес төрайымы:



Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева

№3 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: сәуір 2026 жыл

Өткізілген орны: «Ақниет+» жеке бөбекжай- балабақшасы

Төрайымы: әдіскер Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы: К.Н.Имангалиева

Қатысқандар:

Әдіскер, ересек және мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері, музыка жетекшісі, педагог-психолог, қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру нұсқаушысы, әлеуметтік серіктестер өкілдері (жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері), педагогтер.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Педагогтердің жыл бойы атқарған жұмыстарының есебі (Prezi, Canva платформалары арқылы).
3. «Мектепке дейінгі ұйым және әлеуметтік серіктестер: байланыс пен бірлік» тақырыбындағы панельдік пікірталас.
4. Әртүрлі мәселелер.

I.Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Г.К. Мухамбеткалиева өткен әдістемелік кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы туралы есеп берді.

Әдіскер қараша айындағы кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына тоқталып, педагогтердің цифрлық технологияларды қолдану деңгейіне талдау жасады. Оқу қызметтерінде интерактивті тақта, мультимедиялық материалдар, LearningApps, Canva, Flippity, PowerPoint сияқты бағдарламалардың жүйелі пайдаланылып келе жатқанын атап өтті.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде педагогтердің басым бөлігі оқу қызметтерін заманауи талаптарға сай ұйымдастырып отырғаны айтылды. Сонымен қатар кейбір педагогтерге цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін толық меңгеру бағытында қосымша әдістемелік көмек көрсету қажеттігі ескертілді.

Балалардың танымдық белсенділігі мен қызығушылығының артқаны, оқу қызметтерінің сапасының жақсарғаны бақылау нәтижелері арқылы дәлелденгені айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Нұғманова Гүлшат Саматқызы іс- әрекетте цифрлық ресурстарды қолдану балалардың қызығушылығын арттыратынын айтып, өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Музыка жетекшісі Мухтарова Н.С музыкалық сабақтарда бейнематериалдар мен интерактивті ойындарды қолданудың нәтижелері туралы баяндады.

Педагогтер әдістемелік кеңес қаулыларының орындалуы бойынша атқарылған жұмыстарды жалғастыру қажеттігін қолдады.

II.Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша ересек және мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері жылдық есептерін ұсынды.

Педагогтер Prezi және Canva платформалары арқылы өздерінің жыл бойы жүргізген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысын таныстырды.

Есеп барысында әр педагог балалардың білім, білік және дағдыларының даму көрсеткіштерін, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің нәтижелерін, ашық сабақтарды, шығармашылық жұмыстарды, ата-аналармен жүргізілген жұмыстарды және кәсіби жетістіктерін көрсетті.

Сонымен қатар педагогтер өздерінің біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, байқаулар және әдістемелік іс-шараларға қатысу нәтижелерімен бөлісті.

Әдіскер педагогтердің жұмыстарын саралап, жетістіктерімен қатар алдағы оқу жылында назар аударылатын бағыттарды атап өтті.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Утешова Ақерке Болатовна Prezi платформасы арқылы есеп ұсынудың өте ыңғайлы екенін айтты.

Әдіскер барлық педагогтердің жылдық жұмысына оң баға беріп, тәжірибелерін аудандық деңгейде таратуға ұсыныс жасады.

III.Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша «Мектепке дейінгі ұйым және әлеуметтік серіктестер: байланыс пен бірлік» тақырыбында панельдік пікірталас өткізілді.

Пікірталасқа жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілігінің өкілдері және мектепалды даярлық топтарының педагогтері қатысты.

Кездесу барысында баланың мектепке дейінгі ұйымнан мектепке бейімделуі, сабақтастықты қамтамасыз ету, оқу бағдарламаларының өзара байланысы және балалардың мектепке психологиялық дайындығы мәселелері талқыланды.

Мектеп өкілдері бірінші сыныпқа келген балалардың дайындық деңгейіне оң баға беріп, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің еңбегін жоғары бағалады.

Сонымен қатар мектеп пен балабақша арасындағы бірлескен іс-шараларды көбейту, өзара ашық сабақтарға қатысу, тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

IV.Тыңдалды:

«Әртүрлі мәселелер» бөлімінде әдіскер оқу жылының аяқталуына байланысты қорытынды жұмыстардың жүргізілу тәртібімен таныстырды.

Балалардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу, жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын әзірлеу, топтардың құжаттарын ретке келтіру және әдістемелік қорды толықтыру мәселелері қарастырылды.

Сонымен бірге педагогтердің жазғы кезеңге арналған перспективалық жоспарлары, қауіпсіздік ережелерін сақтау және ата-аналармен қорытынды жиналыстар өткізу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сөз сөйледі:

Педагогтер жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысы туралы ақпарат берді.

Музыка жетекшісі жаз мезгіліне арналған ойын-сауық іс-шараларының жоспарын таныстырды.

Педагог-психолог балалардың жазғы демалыс кезеңіндегі психологиялық жай-күйін сақтау бойынша ата-аналарға арналған кеңестер дайындағанын хабарлады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Өткен әдістемелік кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын және әдістемелік жұмыстардың жүйелілігі сақталсын.
2. Педагогтердің жылдық есептері назарға алынып, үздік тәжірибелер балабақша ішінде және аудандық әдістемелік іс-шараларда таратылсын. Әр педагог өз жұмысын талдау негізінде келесі оқу жылына арналған кәсіби даму жоспарын әзірлесін.
3. Мектепке дейінгі ұйым мен әлеуметтік серіктестер арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында бірлескен ашық іс-шаралар, семинарлар, экскурсиялар және тәжірибе алмасу кездесулері тұрақты ұйымдастырылсын.
4. Оқу жылының қорытынды құжаттары белгіленген мерзімде толық рәсімделсін. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітіліп, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілсін.

Кенес төрайымы:



Г.К. Мухамбеткалиева

Хатшы:



К.Н.Имангалиева